



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT
OF A NEW REALITY”**

НҰР-СҰЛТАН 2021

УДК 657.6
ББК 65.053
С23

С23 Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

ISBN 978-601-337-598-4

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

ISBN 978-601-337-598-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

бюджета составили 11 469,1 млрд. тенге с незначительным неисполнением на 8,3 млрд. тенге, или на 0,07%. Несмотря на уточнения и корректировки, не освоение сложилось в объеме 5,3 млрд. тенге. По состоянию на 1 января 2020 года дефицит республиканского бюджета составил 1 296,3 млрд. тенге, что на 68,4 млрд. тенге ниже планового показателя. Сумма неэффективно использованных бюджетных средств, выделенных на решение социально - экономических задач в 2019 году, превысила уровень 2018 года (137,8 млрд. тенге) в три раза (на 289,7 млрд. тенге) и составила 427,5 млрд. тенге.

К неэффективно использованным бюджетным средствам отнесены:

- не освоение - 5,3 млрд тенге;
- возврат использованных не по целевому назначению целевых трансфертов - 56 млн тенге;
- возврат неиспользованных (недоиспользованных) целевых трансфертов, выделенных из республиканского бюджета в предыдущем году и не разрешенных к до использования в отчетном году (в т. ч. за счет целевого трансферта из Национального фонда) - 2,2 млрд. тенге;
- неиспользованные и использованные не по целевому назначению бюджетные кредиты, выданные из республиканского бюджета – 2,5 млрд. тенге;
- выявленные нарушения по результатам аудиторских и экспертно-аналитических мероприятий органов государственного аудита, при использовании средств республиканского бюджета 2019 года – на 387,4 млрд. тенге;
- остатки средств субъектов квазигосударственного сектора на КСН в казначействе, выделенных на формирование и увеличение уставного капитала и выполнение государственного задания в отчетном периоде – 30 млрд. тенге.

В целом государственный аудит будет не просто констатировать те или иные несоответствия, а выявлять причины, резервы и потенциал использования государственных финансовых ресурсов с большей отдачей, эффективностью.

В итоге, внедрение эффективных систем финансового контроля и аудита послужит препятствием для распространения взяточничества, повысит степень информированности общества о мерах по противодействию коррупции. Аудит эффективности позволит не только регистрировать факты коррупции, но и предупреждать их.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДЕГІ ЖОҒАРЫ АУДИТ ОРГАНДАРЫНЫҢ РӨЛІ

Набат Д.Т

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Нұр-Сұлтан қ.,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: мақалада ұлттық басымдықтар мен мақсаттарға қол жеткізудегі жоғары аудит органдарының рөлі қарастырылды, жоғары аудит

органдарының ұлттық деңгейде өз өзектілігін сақтай алатындығы, мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне жауап бере алатындығы және мемлекеттік басқарудың тиімділігін, есептілігі мен ашықтығын арттыруға ықпал ете отырып, ұлттық басымдықтар мен мақсаттарға қол жеткізуге үлес қосатындығы анықталды. Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуде жоғары аудит органдарының рөлін анықтайтын басты назарға алынуы тиіс бағыттар көрсетілді.

Түйінді сөздер: жоғары аудит органдары, тұрақты даму мақсаттары, мемлекеттік басқарудың тиімділігі, мемлекеттік ресурстар, ұлттық басымдықтар .

Бүгінгі таңда кез келген мемлекете қоғамның, экономика мен қоршаған ортаның орнықты дамуын қамтамасыз ету мақсатында ұлттық басқару жүйелерін дамытуға және жетілдіруге жағдай жасайды. Бұл жағдайды қамтамасыз ету үшін ұлттық басқару жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде мемлекеттік аудит өзінің функцияларын заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес орындайды және объективті негізде аудиторлық қадағалауды, тексеруді, бағалауды және саяси және бағдарламалық шешімдерді әзірлеу үшін ұлттық деңгейде шешім қабылдаушылар пайдаланатын ұсынымдарды ұсынады. Жоғары аудит органдары қоғамдық өмірде сенім, адалдық және тұрақтылық жақтаушылары ретінде әрекет етуге тырысуы керек. Бұл ретте олар осы саладағы күш-жігерге үлес қосуды келесі әрекеттермен жалғастырады:

Үкіметтің қызметін бақылау мен бағалау және басқару мен бақылаудың ұлттық жүйесіндегі кемшіліктерді анықтау арқылы үкіметтің тиімділігін арттыру. Жоғары аудит органдары мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардағы жағымды өзгерістерді қолдау үшін тәуелсіз және объективті көзқарас пен басшылықты қамтамасыз етеді, сонымен қатар үкіметтерді бақылау жүйесін нығайтуға шақырады;

Жоғары аудит органдары ашық басқаруға жәрдемдесе отырып, сол арқылы азаматтарға шешімдер қабылдаудың жария процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік бере отырып, мемлекеттік сектор мен азаматтар арасында байланыстар мен сенім орнатуға көмектеседі;

Жоғары аудит органдары мемлекеттік ресурстарды ұтымды пайдалануға, озық практиканы енгізуге және тиімділікке бағытталған басқару жүйесін құруға жәрдемдеседі;

Ұлттық және халықаралық деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте және алаяқтықтың алдын алуда маңызды рөлді орындау. Жоғары аудит органдарының аудит нәтижесінде алған білімі мен тәжірибесі есеп беруді күшейтіп қана қоймай, болашақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамалар мәселесі бойынша құнды кеңес беруге де көмектесе алады;

Ұлттық экономиканың, әлеуметтік жүйе қызметінің тәуекелдерін анықтау үшін және ұлттық мүдделер үшін уақтылы, объективті және сенімді ақпарат беру мақсатында өзінің тәуелсіз жағдайын, бірегей көрегендігі мен кәсіби әлеуетін пайдалану арқылы ұлттық мүдделерді қорғау;

Мемлекеттік секторды жауапкершілікке тартуға және үкіметтік және қоғамдық ұйымдардың мемлекеттік ресурстарды пайдалану мен қорғау жөніндегі өз міндеттерін орындауына жәрдемдесетін аудиторлық тексерулер және аудиторлық нәтижелерін жариялау арқылы ашықтық пен есеп беруді арттыру. Жоғары аудит органдары қоғамға және азаматтарға мемлекеттік ұйымдар мен лауазымды тұлғалардың өз міндеттерін қалай атқаратындығы туралы тексерілген ақпарат береді, осылайша басқарудың ашықтығына ықпал етеді.

Мемлекеттік қаржы ресурстарын пайдалануға қатысты ашықтықты және салықтарды басқаруға негізделген тәсілдерді көтермелейтін тәуелсіз аудиторлық тексерулер арқылы жоғары аудит органдары салық жүйесін нығайтуға, қаржы саясатының орта мерзімді және ұзақ мерзімді тұрақтылығына, мемлекеттік мүдделерді қорғауға және әрбір елдің ұлттық басқару жүйесін нығайтуға үлес қосады. Бұл өз кезегінде ұлттық экономиканың тұрақты дамуына қол жеткізуге ықпал жасайды.

Жоғары аудит органдарының тиімділікті басқаруда және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі рөлін арттыру 2019 жылдың 23 және 28 қыркүйек аралығында, Мәскеу қаласында өткізілген Жоғары аудит органдарының халықаралық ұйымының (ИНТОСАИ) XXIII конгресінде басты тақырыптар қатарына енгізілген болатын. Осы конгрестің нәтижесі ретінде қабылданған басты құжат – Мәскеу декларациясы болып табылады. Оны дауыс беру қорытындысы бойынша конгреске қатысушылардың көпшілігі қолдады. Аталған құжатта жоғары аудит органдарының тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі маңызды рөл ойнайтындығы және оны арттырудың басты жолдары қарастырылды.

XXIII ИНТОСАИ Конгресі әрбір ЖАО қоғамның талаптарына сай институт болып қалу үшін жылдам технологиялық өзгерістер дәуірінде мемлекеттік аудитті дамытуға қалай ықпал ете алатынын, сондай-ақ тұрақты даму мақсаттарын қоса алғанда, ұлттық деңгейде келісілген мақсаттарға қол жеткізуге тәуелсіз сыртқы қадағалауды жүзеге асыра отырып, қоғамға пайда әкелетінін талқылауға арналды.

Іс-шара барысында әрбір ЖАО ұлттық деңгейде өз өзектілігін сақтай алатындығы, мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне жауап бере алатындығы және мемлекеттік басқарудың тиімділігін, есептілігі мен ашықтығын арттыруға ықпал ете отырып, ұлттық басымдықтар мен мақсаттарға қол жеткізуге өз үлесін қоса алатындығы туралы мәселе қозғалды.

Қоғамға пайда әкелу үшін ЖАО және ИНТОСАИ жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдануы керек, сонымен қатар туындаған мәселелерді шешу үшін барлық мүмкіндіктерді қолдануы керек. ЖАО туындайтын ұлттық және жаһандық сын-тегеуріндерге және мемлекеттік басқару практикасындағы өзгерістерге ден қоюға тиіс.

Бүкіл әлемдегі мемлекеттік аудит пен мемлекеттік саясаттағы түбегейлі өзгерістер жаңа контекст пен ЖАО жұмысының жаңа үміттерін қалыптастырды. Бұл өзгерістер мыналарды қамтиды: (а) тұрақты даму

саласындағы 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Күн тәртібін (2030 Күн тәртібі) және Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық елдердің тұрақты даму мақсаттарын қабылдауы; (b) деректер саласындағы революция; (c) ИНТОСАИ-дің кәсіби құжаттар жүйесін (IFPP) қабылдау және (d) ISSAI-P 12: «ЖАО-ның құндылығы мен маңызы – азаматтардың өміріне әсері» стандартынан туындайтын күтулер мен міндеттемелер. Бұл мән-жайлар аудиторлық жұмыстың жаңа сапасын, аудитке озық тәсілдерді және үкіметтің есеп беруіндегі аудиттің рөлін одан әрі қайта пайымдауды талап етеді.

ЖАО олардың мүмкіндіктері, жұмыс жағдайлары мен өкілеттіктері бойынша ерекшеленетініне қарамастан, олардың барлығы мынадай күрделі ұқсас сұрақтарға тап болады: қоғамның мемлекеттік ресурстарды тиімді және нәтижелі басқару туралы сұранысына қалай жауап беруге болады? ұлттық деңгейде келісілген мақсаттарға қол жеткізу, бағдарламаларды орындау, саясаттар мен стратегияларды іске асыру үшін қажетті мемлекеттік басқарудың күрделілігін қалай жеңуге болады? деректер төңкерісі мен цифрландырудан туындаған өзгерістерді ЖАО қалай жеңе алады?

Деректер көлемін үнемі жеделдете жинақтау және технологиялық және коммуникациялық өзгерістердің жылдамдығы мемлекеттік аудиттің сапасын арттыру, оның тиімділігін арттыру және оның стратегиялық бағытын нығайту үшін сын-қатерлер де, мүмкіндіктер де болып табылады, бұл барлық адамдар үшін ЖАО жұмысының маңыздылығының өсуіне және бүкіл әлемдегі қоғамдық институттарға деген сенімнің артуына алып келеді.

Қоғам үшін пайдалы институттар ретінде ЖАО үшін икемділік, тиімділік, өзектілік және тәуелсіздік туралы әмбебап нұсқаулық жоқ. ЖАО өз өкілеттіктері шеңберінде қаржылық аудитті, сәйкестік аудитін және тиімділік аудитін жүргізуді жалғастырады. ЖАО аудиторлық қызметті осы өкілеттіктерге және мүдделі тараптардың үміттеріне сәйкес жүзеге асырады.

Мәскеу декларациясына сәйкес жоғары аудит органдары өз жұмысында 10 негізгі қағидатқа назар аударуға келісті:

1) нәтиже үшін үкіметтің неғұрлым тиімді ашық және ақпараттық есеп беруіне жәрдемдесу. Жаңа жаһандық және ұлттық мақсаттарға қол жеткізу үкіметтің жұртшылық алдында есеп беруін қамтамасыз ету үшін нәтижелер бойынша мемлекеттік басқаруды талап етеді. ЖАО бағдарламалар мен түпкілікті нәтижелер көрсеткіштері арасында байланыс қалыптасатын мемлекеттік бағдарламалар мен саясатты әзірлеу кезеңіне және жеке бағдарламалардың орындалуын немесе жеке мемлекеттік органдардың қызметін тексеру кезінде түпкілікті әсерлерді бағалауға ерекше назар аудара алады.

2) ұлттық мақсаттар мен басымдықтарға қол жеткізу үшін аудит жүргізудің стратегиялық тәсілін дамыту. Мемлекеттік биліктің жекелеген органдарының, үкімет пен қоғамның түрлі деңгейлерінің бірлескен күш-жігерінсіз ұлттық басымдықтар мен тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу мүмкін емес. ЖАО өз өкілеттіктері шеңберінде мемлекеттік аудитке стратегиялық көзқарасты одан әрі дамытуға ықпал ете отырып, ұлттық

мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ете алады. Бұл: (1) үкіметтің қойылған мақсаттарға қол жеткізу қабілетін бағалауға бағытталған аудиторлық тексерулер кешенін жүргізуді; (2) стратегиялық басқару жүйесінің кемелденуін бағалауды білдіреді. ЖАО мемлекеттік басқарудың әртүрлі деңгейлерінің өзара әрекеттесуінің тиімділігін бағалай алады, әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар, мен стратегиялар арасындағы синергияны бағалай алады.

3) үкіметке мемлекеттік басқарудың маңызды және стратегиялық мәселелері бойынша ұсынымдар беру. Аудит қорытындылары бойынша ұсынымдар бере отырып, ЖАО консультациялық функцияны ЖАО тәуелсіздігіне қауіп төндірмей және аудит объектісін басқару міндеттеріне және оның күнделікті қызметіне араласпай іске асыра алады.

4) деректердің қолжетімділігі және ашықтығы, бастапқы код пен алгоритмдердің ашықтығы қағидатын ілгерілету. Мемлекет жинақтаған мәліметтер ашық форматта жарияланады. Деректердің ашықтығы әркім үшін жаңа ақпараттық орта қалыптастырады және мемлекеттің ашықтығы мен есептілігін арттыруға ықпал етеді. ЖАО мемлекеттік деректер ашықтығының артықшылықтары туралы білімді таратуда маңызды рөл атқаруы мүмкін. ЖАО, егер бұған құпиялылық мәселелері кедергі келтірмесе, мемлекеттік деректердің қолжетімділігі мен ашықтығы қағидаттарын қорғай алады.

5) аудиторлық жұмыста деректер талдауын пайдалану. ЖАО шеңберінде деректер талдауын пайдалану ақпараттарды мемлекеттік басқарудың тиімділігін, есептілігін, нәтижелілігін және ашықтығын арттыру ресурсы ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін қажетті инновация болып табылады. ЖАО-ның мемлекеттік сектордағы бірегей жағдайы осы аудит объектілерінің үлкен көлемін жинауға мүмкіндік береді. Аудит барысында үлкен деректерді талдау әдістерін қолдану ЖАО-ға келесідей мүмкіндіктер береді:

➤ жалпымемлекеттік (whole-of-government) проблемалардың шешімін табу үшін әртүрлі ведомстволардан, салалардан, мемлекеттік басқару деңгейлерінен және өңірлерден алынған деректерді қорыту;

➤ деректердің тұрақты жаңартылуын қамтамасыз ету және негізгі проблемалар мен тәуекелдің маңызды бағыттарын нақты уақыт режимінде бақылау үшін деректерді алудың қашықтағы және аралас әдістерін біріктіру.

6) эксперименттік ойлау мәдениетін ынталандыру. Мемлекеттік саясаттағы эксперименттік тәсілдер нәтижелерге қол жеткізудің инновациялық әдістерін іздеуге бағытталған. ЖАО күрделі мәселелерді шешу және жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін тәжірибелік тәсілдерді қолдана алады. Мемлекеттік саясатта әне жұмыс істейді және әне жұмыс істемейді деген анықтама үкіметтің шараларының қаншалықты тиімді екенін түсінуге мүмкіндік береді.

7) мемлекеттік басқару саласындағы жүйелік тәуекелдерді басқару. ЖАО үкіметтің мақсаттарына талдау жүргізуі, мақсаттарға қол жеткізбеудің елеулі және жүйелі тәуекелдерін анықтауы, тәуекелдердің әсерін қалай төмендету туралы ұсынымдар беруі тиіс.

8) болашақ аудиторларын даярлау. ЖАО аудитті кәсібилендіруге ықпал етуі керек. Аудиторлардың құзыреттілігі мен дағдылары ЖАО-ның негізгі активі болып табылады.

9) инклюзивтілік мәселесін шешу жолдарын іздеу. ЖАО өзінің жан-жақты тәжірибесі мен сараптамасын тұрақты даму мақсаттарымен байланысты әлеуметтік маңызды салаларда сапалы мемлекеттік басқару мен инклюзивтілікке жәрдемдесу үшін пайдалана алады

10) аудит объектілерімен тиімді өзара іс-қимылды жолға қою және академиялық қоғамдастықпен және жалпы қоғаммен ынтымақтастықты кеңейту. Аудит объектілерімен өзара іс-қимыл ЖАО ұсынымдарын түсіндіру мен нақтылау және олардың орындалуына жәрдемдесу үшін шешуші мәнге ие. Мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл ЖАО-ның ұлттық мүддені білдіретін тақырыптарды анықтау және талдау жөніндегі мүмкіндіктерін арттырады, бұл мемлекеттік бағдарламаларға, жобаларға немесе жекелеген іс-шараларға қатысты негізделген шешімдер қабылдауға жәрдемдесуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ресей Федерациясының Есеп палатасының ресми сайты // <https://ach.gov.ru/>

2. Жоғары аудит органдарының халықаралық ұйымының ресми сайты // <https://www.intosai.org/ru/>

3. Afanasiev R.S., Golovanova N.V. (2016). Public Expenditure Efficiency: Theoretical and Legislation Approach. *Finansovyy zhurnal — Financial Journal*, no. 1, pp. 61–69 (In Russ.).

СОВРЕМЕННЫЕ УСЛОВИЯ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В УСЛОВИЯХ ТРЕТЬЕЙ МОДЕРНИЗАЦИИ КАЗАХСТАНА

Нәдіров Н.Н.

Научный руководитель: PhD Ускенбаева Асия Рахманбердыевна

магистрант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, кафедра «Государственный аудит», г. Нур-Султан, Республика Казахстан

E-mail: nurlan.nadirov97@mail.ru

Аннотация. Автором рассмотрена система государственного аудита и финансового контроля Республики Казахстан, а также оценка его эффективности в развитии третьей модернизации страны в условиях мирового экономического кризиса. Примером развития системы государственного аудита послужил опыт аудита эффективности государственных органов в Республике